



## 1. Жалпы ережелер

1.1 «Қазғұтынұодатының Павлодар жоғары экономикалық колледжі» білім беру мекемесі (бұдан әрі - Колледж) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін, «Мекеме» ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне иелік ететін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2 Колледждің мәртебесі: жеке меншік мекеме.

1.3 Колледж ССРО Орталықодақтың басқармасының 11.06.1975 жылы №106 қаулысымен «Павлодар кооперативтік техникум» атауымен құрылды, Қазғұтынұодаты басқармасының 17.05.1999 жылғы № 13 қаулысымен «Қазғұтынұодатының Павлодар экономикалық колледжі» білім беру мекемесі атауына өзгертілді.

1.4 Колледждің құрылтайшысы «Қазақстан Республикасының кооперативтік ұйымдарының облыстық (өңірлік) бірлестіктерінің Қауымдастығы (QazCOOP - Қазғұтынұодаты)» заңды тұлғалар бірлестігі болып табылады.

1.5 Колледж өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерін, Құрылтайшының және білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімдері мен нұсқауларын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.6.Колледждің атауы:  
- мемлекеттік тілде: **«Қазғұтынұодатының Павлодар жоғары экономикалық колледжі»** білім беру мекемесі;

- орыс тілінде: Учреждение образования **«Павлодарский высший экономический колледж Казпотребсоюза».**

1.7 Колледждің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140011, Павлодар қаласы, Киров көшесі, 115/2

## 2. Колледждің заңды мәртебесі

2.1 Колледжде оралымды бақару құқығымен бекітіп берілген мүлкі, дербес бағансы, банктерде шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы бар мөрі, мөртабаңдары және бланкілері бар.

2.2 Колледж өзінің атынан азаматтық-құқықтық шарттарды жасаға алады, мүлкітк және өзге құқықтар мен міндеттерді иемдене және жүзеге асыра алады, соттарда талапкер және жауапкер бола алады.

2.3 Колледж өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда Колледждің міндеттемелері бойынша Құрылтайшы жауапты болады.

2.4 Заңды тұлға ретінде Колледждің құқық қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркелуден өткеннен кезден бастап туындайды.

2.5 Колледж қызмет мерзімі шектелмей құрылды.

### **3. Колледж қызметінің тақырыбы және мақсаты**

3.1 Колледж қызметінің тақырыбы жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу бағдармаларын іске асыру болып табылады.

3.2 Колледж қызметінің мақсаты:

- еңбек нарығында бәсекеге қабілетті орта буын мамандарын даярлау:

- білім алушыларға сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

- білім алушыларды азаматтық пен патриотизм қасиеттеріне тәрбиелеу, оларда адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру.

3.3 Колледж жұмыстың келесі түрлерін жүзеге асыруда:

1) жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу бағдармаларын іске асыру;

2) кәсіби білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгеруші мұқтаждықтарына тез бейімделуіне септігін тигізетін оқудың жаңа технологияларын ендіру және тиімді пайдалану;

3) білім беру бағдарламаларын және мамандарды даярлау сапасын жетілдіру жөнінде жұмыс берушілермен және басқа әлеуметтік әріптестермен интеграция және өзара әрекеттестік;

4) кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру, қысқа мерзімді кәсіптік білім беру;

5) білім саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі қағидаларына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау;

6) жеке және заңды тұлғаларға семинарларды, тренингтерді, мастер-кларстарды, конференцияларды ақылы негізінде өткізу;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қызметтің басқа түрлері болып табылады.

3.4 Колледж өз қызметін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіби мамандықтарының сыныптаушысына сәйкес қойылған талаптар бойынша лицензиар берген лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

### **4. Колледждің басқару органдары**

4.1 Колледждің басқару органдары:

- 1) жоғары басқару органы - Құрылтайшы;
- 2) басқарудың атқарушы органы - Директор;
- 3) тексеру органы – Тексеруші.

4.2 Колледждің білім беру қызметін мемлекеттік реттеу және басқару «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 Құрылтайшы Колледж қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

4.4 Құрылтайшының ерекше құзыретіне жатқызылады:

1) Колледждің жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында қабылдау;

2) Колледждің басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, директорын, бас бухгалтерін және директорының орынбасарын лауазымға тағайындау және өкілеттіктерін тоқтату;

3) заң актілерінде белгіленген шекте Колледждің басқа заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

4) Колледждің мүлкіне иелік ету, соның ішінде мүлікті кепілге, жалға беру, өтеусіз пайдалану және сенімгерлік басқаруға беру туралы өкім шығару;

5) Колледждің қаржы есептілігін беру тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін анықтау және олардың нәтижелерін бекіту;

6) кірістер мен шығыстардың сметасын, Колледж жұмыскерлерінің штаттық кестесін, еңбекақы төлеу қорын және нысанын бекіту;

7) Колледжді ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату.

4.5 Директор Колледждің қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады, Құрылтайшыға есеп береді және келесі өкілеттіктері бар:

1) Колледждің атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік және өзге органдарда оның мүдделеріне өкілдік етеді;

2) Құрылтайшы бекіткен сметаның шегінде Колледждің қаржылай қаражаттарын, оның ішінде материалдық-техникалық базасын дамытуға, иелік етеді;

3) шарттар, соның ішінде еңбек шарттарын жасайды, сенімхаттар береді;

4) банк мекемелерінде шоттар ашады;

5) Колледждің жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және жазбаша өкімдер береді;

6) Колледждің жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады, оларға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;

7) Колледж директорының орынбасарының және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының дербес міндеттерін бекітеді;

8) білім беру саласындағы уәкілетті органның және Құрылтайшының шешімдері мен талаптарын ұйымдастырады және өмірде іске асырады;

9) Колледждің мұрағат ісін ұйымдастырады, ішкі тәртіптеме ережелерін, жұмыстық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

10) осы Жарғымен Құрылтайшының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін Колледждің ағымдағы қызметінің өзге мәселелерін шешеді.

4.6 Колледж директоры:

1) Колледждің қаржы-шаруашылық қызметтің жағдайы, мүлкінің және мұрағатының нақты сақталуы;

2) Колледжде білім алушылардың, оқытушыларының және басқа қызметкерлердің құқықтары мен еріктерінің бұзылғаны;

3) оның құзыретіне жатқызылған функциялардың орындалмауы;

4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының, үлгілік оқу жоспарларының және оқу бағдарламаларының талаптарының бұзылғаны;

5) оқу-тәрбиелеу процесінің уақытында оқушылардың, оқытушылардың және басқа қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасының және еңбек келісім-шартымен көзделген басқадай талаптарының бұзылғаны үшін дербес жауапкершілікті көтереді.

4.7 Колледждің қаржы шаруашылық қызметін тексеруді Құрылтайшы тағайындайтын Тексеруші жүзеге асырады.

4.8 Тексеруші өзінің қызметін Құрылтайшының нұсқауларына сәйкес жүзеге асырады, оған есеп береді және оның қарамағында болады.

## **5. Колледждің мүлкін құрау көздері**

5.1 Колледждің оралымды басқаруында осы жарғымен көзделген қызметін материалдық жағынан қамтамасыз етуге қажетті объектілер, мүлкі бар.

5.2 Колледждің мүлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері:

- құрылтайшыдан түскен түсімдер;

- ерікті мүлктік жарналар мен қайырмалдықтар;

- білім беру және өзге қызметтерді өткізуден түскен түсімдер

(табыс);

- заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер болып табылады.

5.3 Оралымды басқаруда тұрған мүлкті пайдаланудан алынған табыстар, сондай-ақ Колледж шарттар немесе өзге негіздемелер бойынша сатып

алған мүлік Құрылтайшының меншігі болып табылады және белгіленген тәртіппен Колледждің оралымды басқаруына түседі.

5.4 Колледждің оралымды басқаруда тұрған мүлікті пайдаланудың құқы мүлікті оралымды басқаруға берген шартқа қол қойғаннан және ол мемлекеттік тіркелуден өткеннен кезден, содай-ақ ол мүліктің құнын Колледждің балансына есепке алғаннан бастап туындайды.

5.5 Колледждің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған смета бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқы жоқ.

## **6. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі**

6.1 Колледж жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруге бағытталған білім берудің оқу бағдарламаларын тиісті лицензия болған жағдайда іске асырады.

6.2 Колледж техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен регламенттеледі.

6.3 Білім берудің техникалық және кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларының негізі теориялық оқуды, өндірістік оқытуды және кәсіптік практика болып табылады.

6.4 Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін жалпы кәсіптік, экономикалық, арнайы пәндерді зерделеуді және таңдалған мамандық бойынша болашақ кәсіби қызметті анықтайтын оқу-өндірістік жұмыстарды орындауды қарастырады.

6.5 Білім беру бағдарламаларының мазмұны интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім берудің бағдарламаларымен жоғары оқу орындарының 1-2 курстарының білім беру оқу бағдарламаларын зерделеуді қарастырады.

6.6 Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары орта (жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік) білімі бар азаматтардың қатарынан білікті орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауға бағытталған.

6.7 Колледж іске асыратын орта білімнен кейінгі кәсіби оқу бағдарламалары интеграцияланған екіденгейдегі модульдік техникалық және кәсіптік білім берудің және кейбір қолданбалы бакалавриат пәндерінің бағдарламаларын қарастырады.

6.8 Колледж дуальдық білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады, олар Колледжде теориялық оқуды және кәсіпорынның базасында өндірістік оқудың, практиканың кемінде алпыс пайызын қарастырады.

## **7. Колледжге оқуға қабылдау тәртібі**

7.1 Колледжге оқуға қабылдау «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне және техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу бағдарламаларына қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес азаматтардың өтініші бойынша конкурстық негізде жүргізіледі.

7.2 Колледжге «Техникалық және кәсіптік білім берудің білім бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында құжаттар қабылдау және есепке алу» мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне сәйкес негізгі орта және жалпы орта білім алған тұлғалар қабылданады.

7.3 Ортадан кейінгі білім берудің бағдарламалары бойынша азаматтарды оқуға қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайтын шарттарда жүзеге асырылады.

7.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жекеленген мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырыстарымен оқуға қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті органның қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7.5 Оқуға қабылдауды және оқу түсу емтихандарын ұйымдастыру үшін Колледждің директоры Қабылдау комиссиясын құрады.

7.6 Оқытуды толық курсы аяқтағаннан және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін Колледжді бітірушілерге «орта буын маманы», «қолданбалы бакалавр» біліктілігі тағайындалады және мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі.

## **8. Оқыту мен тәрбиелеудің білім беру процесін (соның ішінде тіл, тілдер) ұйымдастыру тәртібі, білім алушылардың сабақ режимі.**

8.1 Колледж күндізгі, сырттай, қашықтықтан және экстернат оқыту көлемінде жүзеге асырады.

8.2 Колледж Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жұмыстық оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу-тәрбиелеу процесін өз бетінше ұйымдастырады.

8.3 Колледждің жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

8.4 Колледжде оқу және тәрбиелеу жұмысын есепке алу теориялық және өндірістік оқуды есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу таблицаларын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

8.5 Колледждің тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моралдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

8.6 Колледж нақты мамандар бойынша іске асыратын білім берудің оқу бағдарламалары, оларды игеру мерзімдері үлгілік оқу жоспарларының

және бағдарламаларының талаптарына сәйкес әзірленетін жұмыстық оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен анықталады.

8.7 Колледжде оқыту және тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ шет тілдердің бірінде жүзеге асырылады.

8.8 Колледж консультативтік-кеңестік (алқалық) органдарды (педагогикалық, әдістемелік кеңестер, пәндік немесе циклдық комиссиялар), сондай-ақ дайындық курстарын, оқу-өндірістік шеберханаларды, оқу шаруашылықтары мен полигондарын, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімшелерін өз бетінше құрады.

8.9 Теориялық оқытудың оқу уақытының жалпы көлемі, апталық және академиялық сағат мөлшері білім саласындағы уәкілетті органның нормативты актілерінде белгілеген міндетті оқу жүктемесінің есебінен анықталады.

## **9. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі**

9.1 Білім беру қызметін ұсыну ақылы негізде жүргізіледі, білім беру қызметтерінің ақысының мөлшері мен төлеу мерзімі, сондай-ақ өзге талаптар оқу шарттарында көрсетіледі.

9.2 Білім алушы шарт жасасу кезінде бұқул оқу кезегінде шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

9.3 Оқу төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы Колледж қызметкерлерінің еңбекақысы ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

9.4 Колледж Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында көзделген тәртіппен әлеуметтік көмекке мұқтаж жекеленген білім алушылардың білім алуға қаржылау шығыстарын толық немесе ішінара өтеуге құқы бар.

9.5 Колледж үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарынан тыс қосымша қызметтерді (жаспәспірімдердің шығармашылығын дамыту, спорттық секциялар, мәдениет пен өнерді дамыту жөніндегі қосымша сабақтар, біліктілікті арттыру және т.б.) ақылы негізде ұсынуға құқылы.

9.6 Білім беру және қосымша қызметтердің ақылы мөлшерін Колледж жыл сайын (мерзім сайын) Құрылтайшымен келіседі.

## **10. Колледждің білім алушылармен және (немесе) олардың ата-анасының (заңды өкілдерінің) қатынастарын ресімдеу тәртібі**

10.1 Колледждің білім алушы тұлғалармен қатынастарын ресімдеу білім беру қызметтерін ұсыну туралы шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.



10.2 Колледжде білім алушы тұлғалардың:

1) үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес сапалы білім беру қызметтерін алуға;

2) Колледждің ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, тиісті тәртіппен оқу, оқу-әдістемелік кешендермен және құралдарымен қамтамасыз етілуге;

3) спорт, оқырмен және мәжіліс залдарының қызметтерін, Колледждің кітапханасын тегін пайдалануға;

4) адамның ар-намысының құрметтелуіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген шектерде өзінің көзқарастары мен нанымдарын еркін білдіруге;

5) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін ынталандыруға және сыйақы алуға құқығы бар.

10.3 Колледжде білім алушы тұлғалар:

1) таңдаған мамандығы бойынша білімдерді, қабілеттерді және практикалық дағдыларды меңгеруге;

2) оқу бағдарламасы бойынша сабақтардың барлық түрлеріне адал ниетпен қатысуға;

3) өз денсаулығының қамын ойлауға, рухани және тәни жетілуге;

4) Колледждің мүлкіне ұқыпты болуға;

5) басқа білім алушы тұлғалардың, сондай-ақ Колледж жұмыскерлерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) Колледждің ішкі тәртіптемесінің ережелерін сақтауға;

7) оқуға арналған шарттың талаптарын уақтылы және толық көлемінде орындауға;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген өзге талаптарды орындауға міндетті.

10.4 Білім алушы тұлғалардың міндеттерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Колледждің Ішкі тәртіптеме ережелерімен, оқуға арналған шартпен және осы Жарғымен көзделген тәртіптік және өзге ықпал ету шараларының қолданылуы мүмкін.

10.5 Білім алушы тұлғалардың ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің:

1) өз балаларының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

2) өз балаларының үлгерімі және тәртібі туралы, сондай-ақ оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру жөніндегі шарттар туралы ақпарат алуға;

3) Колледждің консультативтік-кеңестік (алқалық) органдарының жұмысына қатысуға құқығы бар.

10.6 Ата-аналары немесе олардың заңды өкілдері:

1) өз балаларының интеллектуалдық және физикалық қабілеттерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ететін балалардың өмірі үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға;

- 2) өз балаларының тәрбиесі үшін жауапкершілікті көтеруге;
- 3) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын мерзімінде және толық көлемінде орындауға;
- 4) өз балаларының оқу сабақтарына уақтылы қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5) Колледжге оқытуға және тәрбиелеуге қолғабыс көрсетуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа міндеттерді сақтауға міндетті.

## **11. Білім алушылардың үлгерімін аралық бақылау, оларды өткізу нысандары және тәртібі**

11.1 Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында Колледж үлгерімді ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және білім саласындағы уәкілетті органның нормативті актілеріне сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттауды өткізеді.

11.2 Колледж білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және оларға аралық аттестаттау жүргізу нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

11.3 Колледжде оқу сабақтарының келесі түрлері пайдаланылады: сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы, өздік жұмыс, консультация, практика, курстық және дипломдық жобалау, демонстрациялық емтихан.

11.4 Аудиториялық сабақтардың ұзақтығы және білім алушылардың білім сапасын бағалау «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, білім беру саласындағы уәкілетті органның ережелері мен нұсқауларына сәйкес жүргізіледі.

11.5 Кәсіби практиканың түрлері, мерзімі және мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарының негізінде жасалған Колледждің жұмыстық оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен анықталады.

11.6 Білім алушылардың кәсіби практикасын өткізу үшін Колледж практика базасы ретінде кәсіпорындарды анықтайды, шарттық негізде онымен келісілген бағдарламалар және практикадан өтудің күнтізбелік кестелері, сондай-ақ өзге шарттар мен тараптардың міндеттемелері бекітіледі.

## **12. Білім алушыларды оқудан шығару негіздері және тәртібі**

12.1 Білім алушы тұлғалар Колледжден келесі негіздемелер бойынша:

- 1) өзінің қалауы бойынша;
- 2) денсаулық жағдайы бойынша;
- 3) басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- 4) академиялық үлгермеуі және сабақтарды кешірімді себептерсіз жібергені;

5) оқу тәртібін және ішкі тәртіптеме ережелерін бұзғаны үшін;  
6) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзған кезде;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге жағдайларда оқудан шығарылуы мүмкін.

12.2 Білім алушыларды оқудан шығару тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және білім саласындағы уәкілетті органның нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі.

### **13. Колледждің педагогикалық жұмыскерінің құқықтары мен міндеттері**

13.1 Педагогикалық жұмыскер мен Колледждің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған жеке еңбек шартымен реттеледі.

13.2 Педагогикалық қызметкер жоғары арнайы педагогикалық немесе кәсіби білімі бар тұлғалар жіберіледі.

13.3 Колледждің педагогикалық жұмыскерінің:

1) кәсіби біліктілігін көтеруге;

2) Колледждің оқу-әдістемелік құралдарын және өзге әдістемелік құжаттарын жетілдіру жөніндегі жұмысқа қатысуға;

3) еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен педагогикалық қызметпен ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға;

4) Колледждің консультативтік-кеңестік (алқалық) органдарының жұмысына қатысуға;

5) өзінің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды иеленуге құқығы бар.

13.4 Педагогикалық жұмыскер:

1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес білім алушы тұлғалардың білімдер, қабілеттер және дағдылар алуын қамтамасыз етуге;

2) білім алушылардың дербес және шығармашылық қабілеттерінің дамуына қолғабыс көрсетуге,

3) лауазымдық міндеттерін адал орындауға;

4) еңбек тәртібін және қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

5) өз біліктілігін көтеруге және бес жылда бір реттен сирек емес аттестаттаудан өтуге;

6) білім алушылардың және жұмыстағы әріптестерінің қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) салауатты өмір салтын жүргізуге және оны білім алушы тұлғалардың арасында насихаттауға;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге талаптарды сақтауға міндетті.

## 14. Қаржыландыру, есеп және есептілік

14.1 Колледждің қызметі ақылы білім беру және өзге қызметтер көрсетуден алынған табыстардың, Құрылтайшының қаражаттарының және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа көздердің есебінен қаржыландырылады.

14.2 Қаржы қаражаттарды пайдалануды Колледж Құрылтайшы бекіткен Кірістер мен шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырады.

14.3 Ағымдағы оқу (күнтізбелік) жылда пайдаланылмаған қаржы қаражаттары келесі оқу (күнтізбелік) жылы Колледждің қызметін ұстауға көшіріледі.

14.4 Колледж қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрылтайшы айқындайды.

14.5 Колледж белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есебін, қаржы және статистикалық есептілігін жүргізеді.

14.6 Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есептілігін жасау «Бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Құрылтайшымен келісім бойынша Колледж директоры бекіткен Есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

## 15. Халықаралық ынтымақтастық және сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру

15.1 Колледж Құрылтайшымен келісім бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға, шетелдік білім беру ұйымдарымен тікелей байланыстарды орнатуға құқығы бар.

15.2 Шет мемлекеттердің азаматтарын оқыту, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, студенттер, педагог және ғылыми қызметкерлер алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға Құрылтайшының рұқсатымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 16. Филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер

16.1 Осы Жарғыны бекіткенде Колледждің қарамағында филиалдар мен өкілдіктер жоқ.

## 17. Колледжді қайта ұйымдастыру және тарату

17.1 Колледжді қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөліну, бөліп шығару, қайта құру) Құрылтайшының шешімі бойынша және Қазақстан

Республикасының Азаматтық кодексімен және басқа заңнамалық актілермен көзделген тәртіппен жүргізіледі.

17.2 Колледж Құрылтайшының шешімі бойынша ерікті түрде және заңнамалық актілермен көзделген негізде және тәртіппен мәжбүрлі түрде (сот шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

17.3 Құрылтайшы немесе Колледжді тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл жөнінде әділет органына жазбаша хабарлайды, тарату комиссиясын (таратушыны) хабарлайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Колледжді тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

17.4 Құрылтайшы немесе Колледжді тарату туралы шешім қабылдаған орган оқу жылын аяқтау үшін басқа білім беру ұйымдарында білім алушыларды «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіппен және шарттарда қабылдауға міндетті.

## 18. Қорытынды ережелер

18.1 Колледжді тарату жағдайда оның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан кейін қалған мүлкі Құрылтайшыға беріледі.

18.2 Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар Құрылтайшының брқармасының қаулысы арқылы еңгізіледі.

18.3 Осы Жарғымен реттелмеген барлық басқа мәселелер бойынша Колледж Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

Қазтұтынуодағының Павлодар

жоғары экономикалық колледжінің

білім беру мекемесінің


Директоры:



Дошанова З. А.

**Утвержден**  
постановлением правления

Объединение юридических лиц «Ассоциация  
областных (региональных) объединений  
кооперативных организаций Республики  
Казахстан (QazCOOP - Казпотребсоюз)



№ \_\_\_\_\_ от \_\_\_\_\_ 2019 года

## **Устав**

**Учреждения образования «Павлодарский высший  
экономический колледж Казпотребсоюза»**

**г. Павлодар 2019 год**

## 1. Общие положения

1.1 Учреждение образования «Павлодарский высший экономический колледж Казпотребсоюза» (далее - Колледж) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданный в организационно-правовой форме «Учреждение» для осуществления образовательных функций.

1.2 Вид Учреждения: частное.

1.3 Колледж создан постановлением правления Центрального СССР № 106 от 11. 06. 1975 года наименованием «Павлодарский кооперативный техникум», постановлением правления Казпотребсоюза № 13 от 17. 05. 1999 года переименован в Учреждение образования «Павлодарский экономический колледж Казпотребсоюза».

1.4 Учредителем Колледжа является Объединение юридических лиц

«Ассоциация областных (региональных) объединений кооперативных организаций Республики Казахстан (QazSSOP - Казпотребсоюз ) (далее - Учредитель).

1.5 Колледж в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» и «Об образовании», иными законодательными актами Республики Казахстан, решениями и указаниями Учредителя и уполномоченного органа в области образования, а также настоящим Уставом.

1.6 Наименование Колледжа:

- на государственном языке: «Қазтұтынуодағының Павлодар жоғары экономикалық колледжі» білім беру мекемесі;

- на русском языке: Учреждение образования «Павлодарский высший экономический колледж Казпотребсоюза».

1.7 Место нахождения Колледжа: Республика Казахстан, Павлодарская область, 140011, город Павлодар, улица Кирова, 115/2

## 2. Юридический статус Колледжа

2.1 Колледж имеет имущество, закрепленное за ним на праве оперативного управления, самостоятельный баланс, счета в банках, печать, штампы и бланки с полным наименованием на государственном и русском языках.

2.2 Колледж от своего имени может заключать гражданско-правовые договора, приобретать и осуществлять имущество и иные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в судах.

2.3 Колледж отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При их недостаточности ответственность по обязательствам Колледжа несет Учредитель.

- 2.4 Правоспособность Колледжа как юридического лица возникает с момента его государственной регистрации.
- 2.5 Колледж создан без ограничения срока деятельности.

### **3. Предмет и цель деятельности Колледжа**

